



ХҒТАР 15.41.25

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-150-1-89-103>

Жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру туралы

Б.М. Жапарова¹, Д.Ж. Шнайдер^{*2}, А.Н. Ахмульдинова³, Ф.Д.Шнайдер⁴,
А.С. Мамбеталина⁵

^{1,3} Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан

^{2,4,5} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹baglan_kaz@mail.ru, ²djakk@mail.ru, ³aigul_ahmuldinova@mail.ru, ⁴fatima@mail.ru,
⁵mambetalina@mail.ru) Хат-хабар үшін автор: djakk@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үдерісі негізделген. «Жетім балалардың әлеуметтік құзыреті» ұғымының мәні нақтыланған. Кәсіби ниеттерге – жетім балалардың белгілі бір кәсіби қызметке саналы қатынасы, таңдаған мамандық бойынша білім алуға ұмтылысы сияқты жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыруды критерийлік бағалау анықталды. Кәсіби ниетке жетім балалардың шешім қабылдауы; тұрмыстық мәдениет – жетім балалардың күнделікті тіршіліктегі қатынастары, гигиена, тұтыну мәдениеті, сыртқы түр эстетикасы, киім, тұрғынжай және интерьер заттары, үйдегі тұрмыс еңбегімен айналысуға деген ықыласы, жетім балалардың тұрмыстық іс-әрекетті сыни бағалай және бақылай білуі; қатысымдық мәдениеті – бұл жетім балаларды өзара әрекетке және қоғамда қарым-қатынасты оятатын тұлғалық және әлеуметтік құндылықтардың бірлігі; салауатты өмір сүру салты мәдениеті – бұл жетім балалардың денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған саналы түрде қалыптасқан әдеттерінің жиынтығы кіреді. Оларды диагностикалаудың әдістері әзірленді. Балалар үйінің педагогикалық практикасына жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үлгісі әзірленді және енгізілді, оған мақсатты, мазмұнды, нәтижелі компоненттері кірді; Жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үлгісі негізінде жетім балаларды әлеуметтендіру бойынша «Жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру» бағдарламасы құрылды. Балалар үйінде жетім балаларды әлеуметтендірудің ерекшеліктерін зерттеу үдерісінде әзірлеген жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үлгісінің тиімділігі дәлелденді. Зерттеу нәтижелерін балалар үйлерінде жетім балаларды әлеуметтендіру үдерісінде практикалық түрде пайдалануға ұсынылады.

Түйін сөздер: қалыптастыру, әлеуметтендіру, балалар үйі, жетім балалар, үлгі, әлеуметтік құзырет.

Кіріспе

Жетім балалардың тұлғасын зерттеуге Luksha [1], Sethi, et al [2] еңбектері арналған; жетім балаларды әлеуметтендіру Merkul, et al [3], Ahmad, et al [4] еңбектерінде зерттелген. Балаларды әлеуметтендіру үдерістерінің әдіснамалық негіздері Victoria Soyobi, et al [5], Nerman [6] ғылыми мектебінде салынған, мұнда баланы дамыту этномәдени тәжірибені және әлеуметтік қарым-қатынасты интериозациялау үдерісінде орын алады. Балаларды әлеуметтендіру мәселелерін талдау жетім балалардың әлеуметтенуі балалар үйіндегі дамудың өзгертілген әлеуметтік жағдайларында өтеді, ол ата-ана отбасынсыз қалыптасатыны туралы тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Көптеген педагогтар мен психологтардың зерттеулері: Alghamdi[7], Fatima Ishrat, et al [8], Abadi, et al [9], Khizar, et al [10], Shkoliar, et al [11] жетім балаларға қоғамдағы өте төмен әлеуметтік бейімділік тән екенін көрсетеді. Балалар үйінде балалардың әлеуметтенуі ата-ана мейіріміне деген қажеттілік, айналадағылармен терең көңіл-күйлік қатынасының жоқтығы және тұлғалық қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтар депривациясымен сипатталады.

Sufwan, et al [12], Ibrahim [13], Pathan, et al [14], Bobyleva, et al [15], Bahareh, et al [16], Putilov [17], Fariha [18], Mambetalina [19] ғылыми зерттеулерін және педагогикалық практиканы талдау жетім балалардың дербес өмірге дайындығының жеткіліксіз деңгейі салдарынан балалар үйлері тәрбиеленушілерінің қоғамға толыққанды бейімделуі мүмкін еместігін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты біз келесідей негізгі қарама-қайшылықтарды айқындадық:

- әлеуметтік дайын тұлғаға деген қазіргі заманғы талаптардың жоғары деңгейі мен балалар үйі жағдайларында жетім балалардың әлеуметтік құзыретінің қалыптасуы мен әлеуметтену үдерісінің тиімділігінің нашарлығы арасындағы;

- сәтті дербес өмір сүру үшін жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру деңгейін арттыруға ықпал ететін қосымша, жаңа үлгілер, бағдарламалар және белгілі бір құралдар құру қажеттілігі мен балалар үйлерінде тәрбиенің дәстүрлі жүйесінде мұндайлардың жоқтығы арасындағы.

Анықталған қарама-қайшылықтар мен олардан туындайтын зерттеу мәселесі зерттеу мақсаттарын таңдауға негіз болды: қоғамда жетім балалардың әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыруға ықпал ететін, жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үлгісін әзірлеу және теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің келесідей әдістері пайдаланылды: теориялық: балалар үйінде балаларды әлеуметтендірудің педагогикалық жағдайларын анықтау, теориялық негіздеудің зерттеліп отырған мәселе бойынша әдебиеттерді талдау, бұл әдіс зерттеліп отырған үдерісті сипаттайтын ғылыми материалды жинаудың, жүйелеудің, оны пайымдау, зерттеу бағытын таңдаудың, мақсаттарды айқындаудың, зерттеу әдіснамаларын және

әдістемесін әзірлеудің тәсілі ретінде таңдалды; зерттеудің теориялық ережелерін әзірлеу әдісі балалар үйінде балаларды әлеуметтендірудің педагогикалық жағдайларын анықтау, теориялық негіздеу проблемаларын жүйелеу тәсілі ретінде таңдалды; эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу, бақылау; педагогикалық эксперимент, құжаттаманы талдау, тәжірибені зерделеу және жалпылау, сараптамалық бағалау әдісі, өзін-өзі бағалау, алынған деректерді статистикалық өңдеу әдісі (алынған деректерді сапалық және сандық талдау).

Зерттеу Павлодар балалар үйінде 2023-2025 жж. кезеңінде жүргізілді. Жалпы зерттеуге жасөспірімдік шақтағы 30 жетім бала қатысты. Барлық тәрбиеленушілер топтарға бөлінді: бақылау (БТ) және эксперименттік (ЭТ) әр топта 15 адам қатысушы болды.

Қалыптастырушы эксперимент балалар үйінің табиғи жағдайында, оқу уақыты аясында жүргізілді, сол уақытта балалар үйінің жасөспірімдерінің эксперименттік тобында жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастырудың әзірленген үлгісі жүзеге асырылды. Қалыптастырушы эксперименттің бастапқы кезеңінде балалар үйінің білім беру үдерісінде жетім балалардың әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үлгісінің мақсатты құрауышын, мазмұндық құрауышын, нәтижелік құрауышын жүзеге асырғаннан кейін айқындалған критерийлер негізінде жетім балалардың әлеуметтік құзыретіне қайта диагностика жасалды.

Қалыптастырушы экспериментке дейін және кейін бақылау және эксперименттік топтардың (екі дербес іріктеулер) балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыретінің қалыптасу критерийлерінің әртүрлі деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) салыстыру үшін Пирсонның хи-квадрат параметрлік емес өлшемшарттары (χ^2) пайдаланылды.

χ^2 өлшемшартын қолдану қалыптастырушы эксперимент өткізгенге дейін бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің айырмашылығы нақтылығының жоқтығы және қалыптастырушы экспериментті өткізгеннен кейін бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің айырмашылығы нақтылығының бары туралы тоқтам жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Біз жетім балалардың әлеуметтік құзыреті әлеуметтік білімдердің, өзара әрекет ептіліктері мен дағдыларының, әлеуметтік жағдайлардағы қылықтардың жүйесі ретінде түсінілетініне және жетім балалардың әлеуметтік құзыреті әлеуметтенудің құраушысы саналатын әлеуметтік үдеріс екеніне сүйенеміз. Балалар үйіндегі әлеуметтенуді біз балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үдерісі ретінде ұсынамыз, оның негізінде балалар үйі тәрбиеленушісінің әлеуметтік білімін, әлеуметтік бағдарланған уәждерін және әлеуметтік тәжірибесін қамтамасыз ететін әлеуметтік оқытудың жеке стратегиясын жүзеге асыру, тұлғаны өзін-өзі тануы және өзінің қабілетін іске асыруы арқылы жетім балалардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасы белгіленеді. Балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үдерісі ретінде балалар үйінде әлеуметтендіру тетігі – іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, өзін-өзі танудың бірыңғай үдерісі. Жетім балаларда іс-әрекеттік өрісіндегі өзгерістер іс-

әрекет түрлерінің ұлғаюында және олардың әрқайсысында бейімделуінде, іс-әрекеттің жаңа түрлерін ұғынуында, іс-әрекеттің тиісті түрлерін, тәсілдері мен құралдарын меңгеруінде; дербестігі мен құзыреттілігін дамытуында жатыр. Жетім балалардың қарым-қатынасында қарама-қарсы жыныстағы және өз жынысына жататын жасөспірімдермен өзара жаңа қарым-қатынас қалыптасады; қатынас аясы кеңиді және оның мазмұны тереңдейді, қоғамда қалыптасқан тәртіп нормалары мен ережелерін меңгере бастайды. Өз санасында іс-әрекеттің белсенді және әлеуметтік рөлін ұғына бастайды; өзін-өзі бағалауы; тұлғалық және кәсіби өз анықтамасы, жыныс сәйкестігі, әлеуметтік жауапкершілікті тәртібі, әлеуметтік құндылықтар жүйесі қалыптасады.

Балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі ретінде балалар үйінде әлеуметтендіру критерийлерін әзірлеу кезінде біз жетім балалардың тұлғалық ерекшеліктеріне, балалар үйіндегі тәрбие мен сонда тұру жағдайларына сүйендік. Төменде жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің критерийлері мен көрсеткіштері, сондай-ақ, диагностика әдістері келтірілген:

1 критерий. Кәсіби ниеттер – бұл жетім балалардың белгілі бір кәсіби әрекетке саналы түрде көзқарасы, таңдаған мамандығы бойынша білім алуға ұмтылысы. Кәсіби ниетке жетім балалардың шешімдер қабылдауы кіреді. Деңгей көрсеткіштері:

– *жоғары* (өмірлік жол таңдау мәселесін түсінеді, жалпы мамандық әлемі және нақты кәсіби қызмет туралы ақпараттануының жоғары дәрежесі, нақты кәсіби қызметті жоғары субъективті бағалауы, кәсіби қызмет түрін айқындап алған және кедергілерге қарамастан оны меңгеруге жоғары белсенділік пен табандылық танытуда, болашақ кәсіби қызметімен байланысты өзінің қажеттіліктерін, қалауы мен мақсаттарын жоғары дәреже де сезінуі мен ұғынуы; шынайы негізгі және резервтік кәсіби жоспарлар құрады, қиындықтарды еңсеруге өзінің күш-жігерін бағыттап алады; болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі бағалауы және өзін анықтауына деген қажеттіліктерін толық қалыптастырған);

– *орташа* (өмірлік жолын таңдау мәселесін қысқа мерзімді қызығушылықтарымен уәжделген қандай да бір пайдакүнемдік мақсаттарға қол жеткізу мақсаты ретінде қарастырады, жалпы мамандықтар әлемі және нақты кәсіби қызмет туралы ішінара дәрежеде ақпараттануы, мамандықтар әлемі туралы ақпарат толық емес, мамандықтардың барлық спектрін қамтымайды, нақты кәсіби қызмет субъективті бағасы бұлыңғыр, айқын емес, болашақ кәсіби қызметпен байланысты өзінің қажеттіліктерін, қалауы мен мақсаттарын жеткілікті дәрежеде сезінбеуі және ұғынбауы; болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі бағалауы және өзін анықтауына деген қажеттіліктері ішінара қалыптасқан; негізгі кәсіби жоспарды құрады, алайда, резервтік жоспарды сенімсіз түзеді және мәнін де сенімсіз түсінеді);

– *төмен* (өмірлік жолын таңдау мәселесін жағымсыз қажеттілік ретінде қарастырады, жалпы мамандықтар әлемі және нақты бір кәсіби қызмет туралы ақпараты жоқ, нақты бір кәсіби қызметтің қандай да бір бағалауының жоқтығы, болашақ кәсіби қызметпен байланысты өз қажеттіліктерін, қалауы мен мақсаттарын түсінбеуі; болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі бағалауы және өзін анықтауына деген қажеттіліктің қалыптаспауы, мамандықты игеру жолдары мүмкін емес, қияли идеялармен ұштасып жатыр, өзге

біреудің көмегінсіз негізгі де, резервтік те кәсіби жоспарды құра алмайды, еңбек пен оқу үдерісінде белсенділік және табандылық танытпайды). Сандық және сапалық диагностика әдістері: әңгімелесу, сауалнама алу, жасөспірімдердің кәсіби ниеттерін тестілеу.

2 критерий. Тұрмыстық мәдениет – бұл жетім балалардың күнделікті өмірдегі қатынастары, гигиена, тұтыну мәдениеті, сыртқы келбетінің эстетикасы, киімі, тұрғынжайы және интерьер заттары, үйдің тұрмыстық істерімен айналысуға ниеті, жетім балалардың өздерінің тұрмыстық қызметін сыни бағалай және бақылай білуі. Деңгей көрсеткіштері:

– жоғары (нақты білікке ие болу үшін қажетті толық және мықты білім, жеке өмір сүруі үшін олардың қажеттілігін түсінуі; практикалық біліктің құндылығын толық ұғынуы; нақты біліктерді меңгеруге және білетіндерін жақсартуға ұмтылысы; тұрмыстық еңбекке деген жоғары қызығушылығы; күнделікті өмірде нақты әрекеттерді өздігінен анықтау, жоспарлау, ұйымдастыру және жасау; әртүрлі жағдайларда тиімді әрекет етудің жоғары қабілеті);

– орташа (нақты біліктерді меңгеруге қажетті ішінара білімнің болуы, жеке өмір сүруі үшін олардың қажеттілігін жеткіліксіз түсінуі; практикалық ептілік құндылығын толық ұғынуы; нақты біліктерді меңгеруге және білетіндерін жақсартуға жеткіліксіз ұмтылуы; тұрмыстық еңбекке қызығушылығының төмендігі; күнделікті өмірде нақты әрекеттерді анықтау, жоспарлау, ұйымдастыру және жасау жағдайларына тәуелді; әртүрлі жағдайларда тиімді әрекет ету қабілеті жоғары емес);

– төмен (нақты біліктерді меңгеруге қажетті білімнің жоқтығы, жеке өмір сүруі үшін олардың қажеттілігін түсінбеуі; практикалық біліктің құндылығын ұғынбауы; нақты біліктерді меңгеруге және білетіндерін жақсартуға ұмтылыстың жоқтығы; тұрмыстық еңбекке қызығушылықтың жоқтығы; күнделікті өмірде нақты әрекеттерді анықтай, жоспарлай, ұйымдастыру және жасай алмауы; әртүрлі жағдайларда тиімді әрекет ету қабілетінің жоқтығы). Сандық және сапалық диагностика әдісі: әңгімелесу, сауалнама жүргізу.

3 критерий. Қатысымдық мәдениет – бұл жетім балаларды қоғамда өзара әрекеттесуге және қарым-қатынасқа оятатын тұлғалық және әлеуметтік құндылықтардың бірлігі. Деңгей көрсеткіштері:

– жоғары (қоғамдағы өзара қарым-қатынас нормалары туралы хабардар болуы, адамның әлеуметтік сәйкестігінің ерекшеліктері туралы түсініктің қалыптасуы, тұлғаның қоғамдық және жеке өмірі аясында әлеуметтік теңдік идеяларын мойындауы, қоғамдағы қатынастарға қатысты сартап әлеуметтік таптауырынан бас тарту, адамгершілікті тұлғааралық қатынастар құруды айқын көздеуі, әлеуметтік теңдік идеяларына әкелетін қылықтардың қалыптасқан үлгісі, тұлғааралық қатынас және қарым-қатынастар өзара құрмет пен эмпатия негізінде құрылады);

– орташа (қоғамдағы өзара қарым-қатынас нормалары туралы хабардарлығы шектеулі көлемде, адамның әлеуметтік сәйкестік ерекшеліктерін үстіртін біледі, әлеуметтік бағыт мәселелерін зерделеуге және шешуге деген белсенділігі жоқ және қызығушылығы жеткіліксіз, әлеуметтік теңдік идеяларын немесе тұлғаның қоғамдық

немесе жеке өмірі аясында мойындауы, қоғамдағы қатынастарға қатысты сартап әлеуметтік таптауырынан ішінара бас тартуы, адамгершілікті тұлғааралық қатынастар құруды айқын көздеуі, әлеуметтік теңдік идеяларына негізделген қылықтар үлгісі, қалыптасуы сатысында тұр, тұлғааралық қатынас және қарым-қатынастарды өзара құрмет негізінде құруға тырысады);

– *төмен* (қоғамда өзара қарым-қатынас нормалары туралы хабардарлығы жеткіліксіз, адамның әлеуметтік сәйкестігінің ерекшеліктерін нашар біледі, тұлғаның қоғамдық және жеке өмірі аясында әлеуметтік теңдік идеяларын қабылдамауы, қоғамдағы қарым-қатынастар туралы түсініктер сартап таптауырындар әсерімен қалыптасады, адамгершілікті тұлғааралық қатынастар құру қажеттілігін мойындамайды, әлеуметтік теңдік және өзара құрмет идеяларын елемейтін қылықтар үлгісі қалыптасуда). Сандық және сапалық диагностика әдістері: әңгімелесу, қатынас қажеттіліктерін және қол жеткізу қажеттіліктерін тестілеу.

4 критерий. Салауатты өмір сүру салты мәдениеті – бұл денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған, жетім балалардың саналы түрде қалыптасқан әдеттерінің жиынтығы.

– *жоғары* (денсаулық маңызын жалпы адамзаттық құндылық ретінде, өмір сүруінің жеке бағдарламасын түзу қажеттілігін терең түсінеді және өз денсаулығына және өзге адамдардың денсаулығына оң көзқараста, әрдайым физикалық, психикалық және моральдік өзін-өзі дамытуға ұмтылады; салауатты өмір салты және денсаулықты сақтау саласында тұрақты танымдық қызығушылықтары бар; әлеуметтік және психикалық денсаулықтың негіздерін, денсаулықты сақтаудың негізгі алдын алу шараларын біледі; әрдайым салауатты өмір салты қағидаларын ұстанады және өз денсаулығына қамқорлық танытады; зиянды әдеттерді жеңе алады);

– *орташа* (көп жағдайда денсаулықтың маңызын жалпы адамзаттық құндылық ретінде түсінеді, өзінің денсаулығына және өзге адамдардың денсаулығына жауапкершілігі және оң көзқарасы басым, алайда өзін-өзі физикалық дамытуға анда-санда ғана тырысады; салауатты өмір салты және денсаулықты сақтау саласына танымдық қызығушылығы тұрақсыз; әлеуметтік және психикалық денсаулықтың негіздерін тереңінен білмейді; салауатты өмір салты қағидаларын жағдайға байланысты ұстанады және жағдайға байланысты өз денсаулығына қамқорлық танытады; зиянды әдеттерді әрдайым жеңе алмайды);

– *төмен* (денсаулықтың маңызын жалпы адамзаттық құндылық ретінде, өмір сүрудің жеке бағдарламасын түзу қажеттілігін түсінбейді; өз денсаулығына және өзге адамдардың денсаулығына жауапсыз қарайды, физикалық, психикалық және моральдік өзін-өзі дамытуға ұмтылмайды; салауатты өмір салты және денсаулықты сақтау аясында тұрақты танымдық қызығушылығы жоқ; әлеуметтік және психикалық денсаулық негіздерін, денсаулықты сақтау бойынша негізгі алдын алу шараларын білмейді; зиянды әдеттерді жеңе алмайды). Сандық және сапалық диагностика әдістері: әңгімелесу, тұлғаның өзін-өзі бағалауын тестілеу.

Эксперименталдық жұмыстың тұрақтандыру кезеңнің қорытындыларын тұжырымдай отырып, балалар үйінің тәрбиеленушілерінің көбінде әлеуметтік құзырет-

тіліктің қалыптасуының нақты деңгейі бақылау тобында да, эксперименттік топтарда да жеке өмір сүру үшін жеткіліксіз деп тоқтам жасауға болады.


Зерттеудің қалыптастырушы кезеңі барысында біз жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісінің құрылымдық құраушысы ретінде эксперименттік топтың балалар үйі тәрбиеленушілерімен жұмыс бойынша «Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру» бағдарламасын жасадық.

Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісінің құрауыштары (1-сурет):

1. Мақсатты құраушына: бастапқы диагностика кіреді, оның мақсаты тәрбиеленушілер мәселелерінің аясын анықтаудан тұрады; балалар үйі тәрбиеленушісінің қиындықтарды еңсеруіне және әлеуметтендіру мәселелеріне бағытталған іс-шаралардың жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру кіреді.

2. Үлгінің мазмұндық құраушысы эксперименттік топта «Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыруды білдіреді, бағдарлама балалардың осы санатының даму ерекшеліктері мен олардың балалар үйі жағдайларындағы ахуалы ескеріліп әзірленді, Бағдарлама жеткіншектік және жасөспірімдік жастағы жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған, олардың ерекшеліктерін ескереді.

3. Бұл үлгінің нәтижелелік құраушысы бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерін бағалауда нақтысы, мыналарды өткізуде жатыр: балалар үйі жеткіншектерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлеріне қорытынды диагностика (жоғары, орташа, төмен), түзету; жетім балалардың бұдан ары қарайғы әрекеттерін болжау.



1-сурет. Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісі

«Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру» бағдарламасының мазмұны келесідей ережелермен қалыптастырылды: адамгершілік бағыттылығы, адамды педагогикалық өзара әрекеттестік үдерісінде өзгеруге және дамуға қабілетті бірегей, ашық жүйе ретінде түсіну, оның стратегиясы субъект-субъективті қатынастарға

негізделеді, ол кезде бала өзіндік дамудың дербес және жауапкершілікті субъектісі деп танылады; табиғилығы, балаларды олардың жынысы мен жасына сәйкес тәрбиелеу, өзіне және өз өміріне жауапкершілікті қатынас қалыптастырған жағдайда); мәденилігі, жалпыадамзаттық құндылықтармен тәрбиелеу); әлеуметтік өзара әрекеттестік нәтижелілігі, қатынас салаларын кеңейту, әлеуметтік-тұрмыстық білік пен дағдыларды қалыптастыру).

Бағдарламаны жүзеге асыру балалар үйі тәрбиеленушілерін әлеуметтендіру проблемаларының аясын азайтуға мүмкіндік береді және оларды қазіргі заманғы қоғамда балалардың одан әрі бейімделуі үшін әлеуметтік тәжірибені меңгеруге жетелейді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында алынған білім, білік және дағдылар жеке өмір өз бетінше өмір сүру кезінде жетім балалардың әлеуметтенуін жеңілдетеді.

Эксперименталды жұмыстың бақылау кезеңі эксперименталды жұмысқа дейін және одан кейін балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру критерийлерінің бақылау диагностикасының деректерін салыстырмалы талдауды білдіреді және әлеуметтік құзыреттілік қалыптастыру үдерісінің қарқыны туралы деректер алуға мүмкіндік береді.

Белгіленген критерийлер бойынша эксперименталды жұмыстың тұрақтандыру және бақылау кезеңдерінде жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі диагностикасының деректерін салыстыру кестеде келтірілген:

1. Барлық белгіленген критерийлер бойынша эксперименттік топта жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштерінің оң қарқыны анықталды, бұл біз қойған мақсаттардың шешілгенін көрсетеді. Эксперименталды жұмыстың бақылау кезеңінде эксперименттік топтағы (ЭТ) және бақылау тобындағы (БТ) жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерінің өзгеруіне талдау жүргізілді. Бұл кезеңнің нәтижелері эксперименттік топта барлық критерийлер бойынша әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерінің өзгеруінде оң қарқынның орын алғанын көрсетті (1-кесте).

1-кесте

Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерінің қарқыны

Критерийлер	Деңгейлер	Бастапқы диагностиканың нәтижелері (%-бен)		Қорытынды диагностиканың нәтижелері (%-бен)	
			ЭТ	БТ	ЭТ
Кәсіби ниеттері	жоғары	6	6	6	51
	орташа	28	28	28	34
	төмен	66	66	66	15
	χ^2	0,0		64,653 (p<0,01)	
Тұрмыстық мәдениет	жоғары	9	9	16	53
	орташа	20	20	26	34
	төмен	71	71	58	13
	χ^2	0,0		46,732 (p<0,01)	

Қатысымдық мәдениет	жоғары	8	8	8	52
	орташа	22	22	30	35
	төмен	70	70	62	13
	χ^2	0,0		58,861 ($p<0,01$)	
Салауатты өмір салты мәдениеті	жоғары	6	6	6	38
	орташа	13	13	28	49
	төмен	81	81	66	13
	χ^2	0,0		52,133 ($p<0,01$)	

Пирсонның хи-квадрат (χ^2) параметрлік емес критерийін қолдану БТ және ЭТ жетім балаларының әлеуметтік құзыреттілік деңгейіндегі айтарлықтай айырманы статистикалық тұрғыдан (χ^2 крит=9,21 маңыздылығы 0,01 деңгейі кезінде) растады. Пирсон хи-квадрат критерийінің (χ^2) көмегімен жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісінің тиімділігін тексергенде жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптасуының барлық критерийлері бойынша статистикалық маңызды оң өзгерістері тіркелді; эксперименталдық жұмыс нәтижесінде жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін жүзеге асыру тиімділігі дәлелденді.

Талқылау

Біздің жұмысымыздың жаңалығы мен бірегейлігі айқын, Merkul, et al [3], Bobyleva, et al [15], Bahareh, et al [16], Putilov [17], Fariha [18], Mambetalina [19] зерттеулеріне қарағанда біз жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісінің тиімділігін, жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің өзгеруін критериалды бағалау көңіл-күйлік тұрақтылық, көпшілдік, ұжымда араласу кезінде өзін-өзі бақылауының жоғары деңгейі, сабырлылық, иланғыштық сияқты тұлғалық қасиеттерге негізделуі керектігін дәлелдедік. Жетім балалардың сәтті әлеуметтендірілгені туралы айтуға мүмкіндік беретін шешуші педагогикалық аспект – өзінің әлеуметтік жағдайына, өзінің жұмысына, ересектермен және қатарластарымен өзара қарым-қатынасқа қанағаттануы.

Өз бетінше өмір сүру кезінде жетім балаларға қоғамдық қатынастарға түсуге тура келеді, ал бұл тұлғаның әлеуметтік біліктері мен дағдыларын – жауапкершілікті, таңдай жасай алуды және ынтымақтастықта жұмыс істей алуды дамытуды талап етеді. Жағдайды және әлеуметтік өмір тәртіптерін технологиялық тұрғыдан түрлендіру қажет. Мұнда жетім бала туралы айтылып тұрғандықтан, дәл осында үш негізгі салада: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзін-өзі тануда оның әлеуметтенуін кеңейтуге және тереңдетуге барынша ықпал ететін дамытушы орта құрылуы тиіс. Оған көбінде балалар мен ересектердің бірлескен әрекетінің педагогикалық жағдайлары кезінде балалар ұйымы жұмысында жетім балалардың белсенді қатысуы ықпал етеді. Жетім балаларға алдағы әлеуметтік іс-әрекеттің, өмірі мен тұрмысты құруының өз нұсқаларын ұсынуына

мүмкіндік беру үдерісі технологиялық тұрғыдан дәлелденген, бұл өз кезегінде балалар үйінде жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды педагогикалық жағдайлары болып саналады.

Қорытынды

1. «Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігі» ұғымының мәні өз бетінше өмір сүруге дайындау кезеңінде балалар үйі тәрбиеленушілері санатына қарай нақтыланды. Біз жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігі өзара әрекеттестіктің әлеуметтік білім, білік пен дағдылардың, әлеуметтік жағдайлар кезіндегі қылығының жүйесі ретінде түсінілетініне және жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігі әлеуметтенуді құрайтын әлеуметтік үдеріс болып саналатынына сүйендік. Балалар үйіндегі әлеуметтенуді біз балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үдерісі ретінде ұсынамыз, оның негізінде балалар үйі тәрбиеленушісінің әлеуметтік білімін, әлеуметтік бағдарланған уәждерін және әлеуметтік тәжірибесін қамтамасыз ететін әлеуметтік оқытудың жеке стратегиясын жүзеге асыру, тұлғаны өзін-өзі тануы және өзінің қабілетін іске асыруы арқылы жетім балалардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасы белгіленеді. Балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік құзыретін қалыптастыру үдерісі ретінде балалар үйінде әлеуметтендіру тетігі – іс-әрекеттің, қарым-қатынастың, өзін-өзі танудың бірыңғай үдерісі.

2. Жетім балалардың кәсіби ниеттері – белгілі бір кәсіби қызметке саналы көзқарасы, таңдалған мамандығы бойынша білім алуға ұмтылысы сияқты жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруды критериалдық бағалау белгіленді. Кәсіби ниетке жетім балалардың шешім қабылдауы; тұрмыстық мәдениет – жетім балалардың күнделікті тіршіліктегі қатынастары, гигиена, тұтыну мәдениеті, сыртқы түр эстетикасы, киім, тұрғынжай және интерьер заттары, үйдегі тұрмыс еңбегімен айналысуға деген ықыласы, жетім балалардың тұрмыстық іс-әрекетті сыни бағалай және бақылай білуі; қатысымдық мәдениеті – бұл жетім балаларды өзара әрекетке және қоғамда қарым-қатынасты оятатын тұлғалық және әлеуметтік құндылықтардың бірлігі; салауатты өмір сүру салты мәдениеті – бұл жетім балалардың денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған саналы түрде қалыптасқан әдеттерінің жиынтығы кіреді.

Диагностикалық әдістер анықталды, оларды қолдану әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің төмен көрсеткіштерін белгілеуге және балалар үйі тәрбиеленушісін өз бетінше өмір сүруге дайындауда кездесетін мәселелердің өрісін анықтауға мүмкіндік берді (адекватты тұлғааралық қатынастардың қалыптаспағандығы, қоғаммен араласуға дайын еместігі; өз бетінше өмір сүру туралы адекватты түсініктің жоқтығы, масылдық, өз қылықтарының салдарын бағалауға қабілетсіздігі; жеткілікті деңгейде қалыптасқан әлеуметтік-тұрмыстық дағдылардың жоқтығы; әлеуметтік-тиімді бос уақыт түрлері туралы білімнің жоқтығы; өзін-өзі бақылау және өзіндік тәртіптің нашар қалыптасуы).

3. Балалар үйінің педагогикалық практикасына жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісі әзірленді және енгізілді, оған мақсатты, мазмұндық,

нәтижелілік құраушылар кіреді; Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісі негізінде «Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру» жетім балаларды әлеуметтендіру бойынша бағдарлама құрылды.

4. Әзірленген Жетім балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін пайдалану әлеуметтік тәжірибе, білім, білік пен дағдыларды меңгеруге және алуға жетелейтіні анықталды, бұл көп жағдайда жетім балалардың қоғамға әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді.

Алғыс

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (Грант № AP23488962) қаржыландырды.

Авторлардың үлесі

Тұжырымдамалау: **Д.Ж. Шнайдер.**

Әдіснама: **Б.М. Жапарова, Ф.Д. Шнайдер.**

Формалды талдау: **Б.М. Жапарова, Д.Ж. Шнайдер.**

Зерттеу деректерін жинау: **Б.М. Жапарова, А.Н. Ахмульдинова.**

Зерттеу деректеріне жетекшілік ету: **Д.Ж.Шнайдер, А.С. Мамбеталина.**

Мақаланың түпнұсқалық алғашқы түрін дайындау: **Д.Ж. Шнайдер, Ф.Д. Шнайдер.**

Редакциялау және сыни шолу: **Д.Ж. Шнайдер.**

Әдебиеттер тізімі

1. Saeed I., Batool I., Noreen S. Mediating Role of Self Esteem in Gullibility (Unsuspecting) and Emotional Self Disclosure (Anxiety and Fear) Among Institutionalized Orphans //Journal of Asian Development Studies. – 2024. – Vol. 13. – P. 414-426.
2. Sethi M., Asghar M. Study of Self-Esteem of Orphans and Non- Orphans // Peshawar Journal of Psychology and Behavioral Sciences (PJPBS). – 2016. – Vol. 1. – P. 163-182.
3. Merkul I.A., Volchanskaya V.O. Assessment of the Readiness of Graduates of Organizations for Orphans and Children Left without Parental Care, and Graduates of Foster Families for an Independent Life: a Review and Analysis of Regional Practices //Social Sciences and Childhood. – 2021. – Vol. 2. – P. 37-46.
4. Ahmad A., Qahar J., Siddiq A., Majeed A., Rasheed J., Jabar F., Knorring A.-L. A 2-year follow-up of orphans' competence, socioemotional problems and post-traumatic stress symptoms in traditional foster care and orphanages in Iraqi Kurdistan //Child: care, health and development. – 2025. – Vol. 3. – P. 203-215.
5. Victoria S., Obowemu K., Peter S., Nourhan A., Ama O.-A., Abayomi G. MEDICO-SOCIAL CHALLENGES FACED BY ORPHANS RESIDING IN ORPHANAGES IN KADUNA //Journal of Social Sciences and Humanities Research Fundamentals. – 2024. – Vol. 4. – P. 21-40.
6. Herman D. Tolstoi's Orphans // Slavic Review. – 2024. – Vol. 8. – P. 250-263.
7. Alghamdi H. Relationship Between Behavioural Disorders and Social Cognition among Orphans in Saudi Arabia //International Education Studies. – 2024. – Vol. 1. – P. 85-86.

8. Fatima I., Zulfiqar N., Bano H. A Comparative Study of Internalizing and Externalizing Problems of Orphan and Non- Orphan Adolescents //Bahria Journal of Professional Psychology. – 2024. – Vol. 2. – P. 16-26.
9. Abadi M., Wulandari W. Between Conflict and Kinship: Understanding the Social Identity of Bangsamoro Orphans in Maguindanao and North Cotabato Province // Dialog. – 2024. – Vol. 4. – P. 233-248
10. Khizar M., Fatima H., Tariq M., Ashraf M. TO EXPLORE THE MEDIATING ROLE OF SOCIAL EXCLUSION IN ASSOCIATION OF BULLYING VICTIMIZATION AND PSYCHOLOGICAL WELLBEING AMONG ORPHANS LIVING IN ORPHANAGES //Bahria Journal of Professional Psychology. – 2024. – Vol. 7. – P. 593-598.
11. Shkoliar L., Kobzar T. (2024). SOCIAL PROTECTION OF ORPHANS AND CHILDREN DEPRIVED OF PARENTAL CARE: HISTORICAL EXCURSION //Social work and social education. – 2024. – Vol. 2. – P. 253-263.
12. Sufwan S., Gupta C. Comparative Study Emotional and Behavioural Problems in Orphans and Non-Orphans: A Comparative Study //International Journal of Indian Psychology. – 2024. – Vol. 11. – P. 234-243.
13. Ibrahim S. Attachment Styles and Emotional Intelligence of Orphan and Non-orphan Adolescents //International Journal of Indian Psychology. – 2024. – Vol. 1. – P. 323-331.
14. Pathan Z., Shaikh M., Qureshi S., Syed A. Evaluation of Anxiety and Depression Among Orphan and Non-Orphan Adolescents in a Rural Residential School of Maharashtra // Perspectives in Medical Research. – 2024. – Vol. 12. – P. 26-30.
15. Bobyleva I.A., Semya G.V. Specifics of Educational Work in Organizations for Orphans and Children Left without Parental Care //Social Sciences and Childhood. – 2024. – Vol. 5. – P. 40-53.
16. Bahareh M., Safarzadeh S. Effectiveness of the Group Play Therapy on the Insecure Attachment and Social Skills of Orphans in Ahvaz City //International Education Studies. – 2024. – Vol. 9. – P. 42-43.
17. Putilov R.A. Pedagogical potential of the multicultural environment of the university in the social adaptation of orphans //Management of Education. – 2023. – Vol. 10. – P. 66-73.
18. Fariha J. Perceived Neglect, Submissive Behavior and Psychological Distress among Orphans // Journal of Professional & Applied Psychology. – 2024. – Vol. 5. – P. 653-661.
19. Mambetalina A.S. PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF GENDER SOCIALIZATION OF CHILDREN IN AN ORPHANAGE // Relações Internacionais do Mundo Atual. – 2023. – Vol. 6. – P. 6122-6138.

**Б.М. Жапарова¹, Д.Ж. Шнайдер^{*2}, А.Н. Ахмұльдинова³, Ф.Д. Шнайдер⁴,
А.С. Мамбеталина⁵**

^{1,3}Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Павлодар, Казахстан

^{2,4,5}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

О формировании социальной компетентности детей-сирот

Аннотация. В статье обоснован процесс формирования социальной компетентности детей-сирот. Уточнена сущность понятия «социальная компетентность детей-сирот». Выявлены

критериальные оценки формирования социальной компетентности детей-сирот, такие, как профессиональные намерения – осознанное отношение детей-сирот к определенной профессиональной деятельности, стремление получить образование по избранной профессии. Профессиональное намерение включает принятие детьми-сиротами решения; бытовая культура – отношения детей-сирот в повседневной жизнедеятельности, гигиену, культуру потребления, эстетику внешнего вида, одежды, жилища и предметов интерьера, желание заниматься домашним бытовым трудом, умение детей-сирот критически оценивать и контролировать собственную бытовую деятельность; коммуникативная культура – это единство личностных и социальных ценностей, побуждающих детей-сирот к взаимодействию и общению в социуме; культура здорового образа жизни – это совокупность сознательно сформированных привычек детей-сирот, направленных на поддержание и укрепление здоровья. Разработаны методы их диагностики. Разработана и внедрена в педагогическую практику детского дома Модель формирования социальной компетентности детей-сирот, включающая целевой, содержательный, результативный компоненты; на основе Модели формирования социальной компетентности детей-сирот создана программа по социализации детей-сирот «Формирование социальной компетентности детей-сирот». В процессе исследования особенностей социализации детей-сирот в детском доме, доказана эффективность разработанной Модели формирования социальной компетентности детей-сирот. Результаты исследования рекомендуются для практического использования в детских домах в процессе социализации детей-сирот.

Ключевые слова: формирование, социализация, детский дом, дети-сироты, модель, социальная компетентность.

B.M. Zhaparova¹, D.Zh. Shnaider*², A.N. Akhmuldinova³, F.D. Shnaider⁴, A.S. Mambetalina⁵

^{1,3} *A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan*

^{2,4,5} *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

On the Formation of Social Competence of Orphans

Abstract. The article provides a comprehensive overview of the process of forming social competence of orphans. The essence of the concept of "social competence of orphans" is clarified. Criterial assessments of the formation of social competence of orphans are identified, such as professional intentions – a conscious attitude of orphans to a certain professional activity, the desire to get an education in the chosen profession. Professional intention includes the decision-making of orphans; everyday culture – the attitude of orphans in everyday life, hygiene, consumer culture, aesthetics of appearance, clothing, housing and interior items, the desire to do household chores, the ability of orphans to critically evaluate and control their own household activities. The concept of communicative culture is the unity of personal and social values that encourage orphans to interact and communicate in society. The culture of a healthy lifestyle is a set of consciously formed habits of orphans aimed at maintaining and strengthening health. The development of diagnostic methods has enabled the identification of orphans' social competence, encompassing target, content, and result components. The Model for the Formation of Orphans' Social

Competence has been integrated into the pedagogical practices of orphanages, and a programme, entitled "Formation of Orphans' Social Competence", has been devised on the basis of the aforementioned Model. The effectiveness of the aforementioned Model of Formation of Social Competence of Orphans was proven through the research conducted on the peculiarities of socialisation of orphans in an orphanage. The results of the study are recommended for practical use in orphanages in the process of socialization of orphans.

Key words: formation, socialization, orphanage, orphans, model, social competence.

Авторлар туралы мәлімет:

Жапарова Баглан Магауовна – Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты. Олжабай батыр көшесі, 60, 140000, Павлодар, Қазақстан.

Шнайдер Джанат Жантемирович – хат-хабар авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сәтбаев көшесі, 2, 000001, Астана, Қазақстан.

Ахмұльдинова Айгуль Насыровна – Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, педагогика жоғары мектебінің оқытушы-сарапшысы. Олжабай батыр көшесі, 60, 140000, Павлодар, Қазақстан.

Шнайдер Фатима Джанатовна – ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сәтбаев көшесі, 2, 000001, Астана, Қазақстан.

Мамбеталина Алия Сактагановна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, психология кафедрасының меңгерушісі. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Information about authors:

Zhaparova Baglan Magauovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Higher School of Pedagogics, Pavlodar Pedagogical University named after A.Margulan, Olzhabay Batyr Street, 60, 140000, Pavlodar, Kazakhstan.

Shnaider Janat Zhantemirovich – corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Street, 2, 000001, Astana, Kazakhstan.

Akhmuldinova Aigul Nasyrovna – teacher-expert, Pavlodar Pedagogical University named after A.Margulan, Olzhabay Batyr Street, 60, 140000, Pavlodar, Kazakhstan.

Shnaider Fatima Dzhanatovna – Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Street, 2, 000001, Astana, Kazakhstan.

Mambetalina Aliya Saktaganovna – Candidate of psychological sciences, Associate Professor, head of the department of psychology, ENU named after L.N. Gumilyov, st. Yanushkevich, 6, Astana, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Жапарова Баглан Магауовна – кандидат педагогических наук, асс.профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, ул. Олжабай батыра, 60, 140000, Павлодар, Казахстан.

Шнайдер Джанат Жантемирович – автор для корреспонденции, кандидат педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 000001, Астана, Казахстан.

Ахмұльдинова Айгуль Насыровна – преподаватель-эксперт, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, ул. Олжабай батыра, 60, 140000, Павлодар, Казахстан.

Шнайдер Фатима Джанатовна – научный сотрудник, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 000001, Астана, Казахстан.

Мамбеталина Алия Сактагановна – кандидат психологических наук, асс.профессор, заведующая кафедрой психологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича, 6, Астана, Казахстан.